

*Шағын жинақты мектепте
біріктірілген (9,11)сыныптарды
қатарынан оқытуға арналған сабақ
жоспары.*

Дайындаған: Таңатарова А.Х





Қош келдіңіздер !

Сабақтың тақырыбы: Түр, түрдің пайда болуы.

Түр-эволюцияның негізгі кезеңі,
түр критерийлері

Сабақтың мақсаты: 1. Түр , түр критерийлері туралы теориялық білім беру.

2. Түр , түрдің қасиеттері мен ерекшеліктері туралы білуге ұмтылдыру.

3. Түр, түрдің пайда болуы тақырыбын дамыта оқыту.

Сабақтың көрнекілігі: Жалпы биология кестелері, кеппешөптер, жануарларлар коллекциясы , бейімделушілік түрлері және түр түзілу кестелері

Сабақтың әдістері: ойын, тірек сызба, тәжірибе, көрнекілік.

Сабақтың түрі: дамыта оқыту.

Сабақтың барысы: I. Кіріктірілген бөлім.

Бағдарлау- мотивациялық кезең

1.


Қызығушылығын оятуға арналған сұрақтар. Ітапсырма 5 ұнай

1. Суреттегі өсімдіктер мен жануар түрлерінің тіршілігі туралы не білесіңдер?



2. Бір түр даралары бірінен-бірі несімен ерекшеленеді?

3. Әр алуан түрлердің (мүмкін жақын туыстылардың) дарақтары бірінен-бірі несімен ерекшеленеді?



4. Түр деген не?

5. Сендер бұл түр ұғымын ең алғаш қашан кездестірдіңдер?

2тапсырма 4ұнай Мәтінмен жұмыс

Екі сыныпта мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап береді:

- «Түр» ұғымын ғылымға кім енгізді?

- Түр – эволюция әрекетінің сапалы кезеңі дегенді қалай түсінесің?

Түр деген не?

II. . Сараланған бөлім.

Операциялық – орындаушылық кезең

1.Қанә, ойланайық!(пікір алмасу) 1 тапсырма 2 ұнай

- 9кл.Берілген сұрақтарға жауап береді.
- **1.Түрге бүгінге дейін бір мағыналы анықтама берілуі неліктен?**
- **2.Бір өлшем бойынша түрді анықтап,пікір айтуға бола ма?**

- 11кл.Деректер бойынша өз пікірлерін ауызша айтады.
- Ч.Дарвин «Түрлердің тегі»,«Біздің заманымыз дан мыңдаған жылдар бұрын дүниенің көптеген елдерінде Кептерлер қолға үйретілген. Кептерлердің өте ертеден келе жатқандығы жөнінде мәлімет бар. Ешпеттің 5династиясынан, яғни шамамен біздің жылсанауымызға дейінгі 3000жылдардан белгілі. Плинейдің айтуына қарағанда ертедегі римдіктерде кептердің бағасы өте қымбат болған. Индияда 1600жылдар шамасында Ақбархан кептерді өте бағалы санаған және 20000 шамасындай құс қайда барса да оның маңында болған.Ол өзі қажет санаған қауырсынды 3жылдың ішінде шығара алады,ал кептердің басын немесе тұмсығын өзгерту үшін 6жыл керек»

2.тапсырма бұнай: Кестемен жұмыс

Оқулықтан тақырыпты оқып отырып, түр критерилерін салыстырып кестені салыстырып кестені толтыру.

Түр критерилері.

	Морфологиялық	Физиологиялық	Генетикалық	Биохимиялық	Экологиялық	Географиялық
Анықтамасы						
Мысалдары						


3.тапсырма Зұнай:

Сызба нұсқамен жұмыс

- Төмендегі ғалымдар пікірі бойынша «түр» ұғымына салыстырмалы сипаттама беріңдер

К.Линней

Ж.Б.Ламарк Ч.Дарвин



4.тапсырма 5ұнай :Тәжірибе алаңы

Зертханалық жұмыс: Өсімдіктердің әр түрінің морфологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Жұмыс барысы:

- 1.Бір туыстың өсімдіктерін анықтап қарап қарау
- 2.Кестеде көрсетілген белгілер бойынша зерттеліп отырған өсімдіктерге қысқаша сипаттама беру:

Белгілері	1	2
Гүлдері		
Жемістері		
Жапырағы		
Сабағы		
Тамыры		
Гүлдену мерзімі		
Тіршілік ортасы,ұзақтығы		

- 9 кл
Қосжарнақтылар
класы



- 11 сынып
Даражарнақтылар
класы



Ой тұжырымы

- Түр деп құрылысы ұқсас, шығу тегі бір, өзара еркін шағылысып, өсімтал ұрпақ бере алатын даралар жиынтығын айтады. Табиғатта өсімдіктер мен жануарлардың сан алуан түрлері тіршілік етеді.
- Кез келген түр даралары басқа түрлерден тек өздеріне тән белгілері және қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктер критерийлер деп аталады. Олардың бірі-морфологиялық критерий бір түрге жататын даралардың ішкі және сыртқы құрылысының ұқсастығын сипаттайды.
- Физиологиялық критерий-бір түр дараларының барлық тіршілік әрекеттерінің ұқсастығын көрсетеді.
- Биологиялық критерий-кез келген түр дараларының жасушаларында олардың өздеріне ғана тән арнайы нәруыздар синтезделетінін анықтайды. Ол нәруыздар туралы ақпарат жазылған ДНҚ-ның құрылысы да ерекше.
- Генетикалық критерий-әр түрдің өзіне ғана тән хромосомалар жиынтығын және ДНҚ-дағы нуклеотидтер құрамын сипаттайды. Мысалы, асбұршақта-14, дрозософила шыбынында – 8, адамда-46
- хромосома бар.
- Экологиялық- географиялық критерий – түрдің тіршілік еткен аумағын анықтайды.

III. Кіріктірілген бөлім

Рефлексиялық-бағалау кезеңі

- *1 тапсырма Зұнай*

- *«Сиқырлы қоржын»*

- Оқушылар мәтінді жақсылап оқып, сұрақтар дайындап қоржынға салады (екі сынып түгел) да алмасып, сол сұрақтарға жауап береді.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

9-сынып

реті	тапсырмалар	Мұғалім бағасы	Оқушы бағасы	баға
I-1	Қызығушылығын ояту	5		
I-2	Мәтінмен жұмыс	4		
II-1	Кәне,ойнайық	2		
II-2	Кестемен жұмыс	6		
II-3	Сызбанұсқа	3		
II-4	Тәжірибе алаңы	5		
III-1	Сиқырлы қоржын	3		
	барлығы	28		

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

11-СЫНЫП

реті	тапсырмалар	Мұғалім бағасы	Оқушы бағасы	баға
I-1	Қызығушылығын ояту	5		
I-2	Мәтінмен жұмыс	4		
II-1	Пікіралмасу	2		
II-2	Кестемен жұмыс	6		
II-3	Сызбанұсқа	3		
II-4	Тәжірибе алаңы	5		
III-1	Сиқырлы қоржын	3		
	барлығы	28		

Бағалау критерийі:




9-11 сынып

28- 23 ұпай - «5»,

23- 18 ұпай - «4»,


18- 10 ұпай - «3».



Үйге тапсырма:

- 9сынып
§22

- 11сынып
§1





Тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет!